
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1,116-2026 27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-13

**ҚР МАМ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ  
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ АРАСЫНДА ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЖАС  
ҒАЛЫМДАРҒА (МАГИСТРАНТТАР МЕН ДОКТОРАНТТАРҒА)  
АРНАЛҒАН «ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМ» КОНКУРСЫН  
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

Алматы  
2026 ж.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 2-13</p>

## АЛҒЫ СӨЗ

**1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ  
ЕНГІЗІЛДІ**

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ  
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі

**2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ  
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**


ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ  
Ғылыми кеңесі «27» ақпан 2026 жыл №8  
хаттамасы. Редакция № 1

**3. ӨЗГЕРІСТУЛЕР ЕНГІЗУ  
МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ**

-


**4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ**

3 жыл

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 3-13</p>

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Байқауға қатысушылар.....	5
3. Конкурс өткізу тәртібі.....	5
4. Жарияланымдарды ұсыну және өтінімдер беру тәртібі.....	6
5. Алдын ала іріктеу және сараптама.....	6
6. Қорытындылау және марапаттау.....	8
7. Өзгерістер енгізу тәртібі.....	9
8. Қорытынды ережелер.....	9
9. Қосымша 1.....	10
10. Қосымша 2.....	11

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 4-13


## БЕКІТІЛДІ

«Темірбек Жүргенов атындағы  
 Қазақ ұлттық өнер академиясы»  
 РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен  
 2026 жыл №8 хаттама  
 Ғылыми кеңес төрағасы  
 А. Жудебаев



### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (ары қарай – ҚР МАМ) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ары қарай – ЖЖОКБҰ) арасында өнер саласындағы жас ғалымдарға (магистранттар мен докторанттарға) арналған «Үздік ғылыми жарияланым» конкурсын өткізу туралы Ереже (ары қарай – Ереже) мәдениет және өнер саласындағы жас ғалымдар арасындағы үздік ғылыми зерттеулердің республикалық конкурсын (ары қарай – Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.
2. Конкурс жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметін қолдау, мәдениет және өнер саласындағы инновациялық тәсілдерді ынталандыру, сондай-ақ перспективалы зерттеу жобаларын анықтау мақсатында өткізіледі.
3. Конкурстың міндеті – жас зерттеушілерді қолдау және олардың кәсіби өсуіне ат салысу, жастар арасында ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыру. Конкурс жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылыми (ғылыми-зерттеу) және шығармашылық қызметті интеграциялауға, білім беру, шығармашылық және ғылыми қызметте ғылым мен мәдениеттің жаңа білімдері мен жетістіктерін пайдалануға ықпал етеді.
4. Байқау жыл сайын ҚР МАМ қарасты төрт ЖЖОКБҰ (Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ өнер академиясы (ары қарай – Академия), Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылары арасында өткізіледі. Әрбір ізденушінің жасы ҚР МАМ ведомстволық бағынысты ЖЖОКБҰ білім алушылары арасында республикалық конкурстың өтінімдерін қабылдау аяқталған күнге дейін 35 жастан аспауға тиіс.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p>Ереже нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 5-13</p>

5. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- Өнертану
- Музыкалық өнер
- Театр өнері
- Бейнелеу өнері
- Хореография
- Кино және телевизия
- Арт-менеджмент

## 2. Байқауға қатысушылар

6. Конкурсқа магистратураның ғылыми-педагогикалық бағытының 1-2 курс білім алушылары, ғылыми-педагогикалық бағыттың 1-3 курс докторанттары қатыса алады.

## 3. Конкурс өткізу тәртібі

7. Конкурс және оның қорытындылары туралы барлық ақпарат Академияның сайтында орналастырылады.


8. Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі және Академияның ғылыми-инновациялық бөлімі оның ақпараттық, техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

9. Конкурсқа ұсынылатын ғылыми жұмыстар (ғылыми мақалалар):

1) **білім алушылар** тарапынан жеке орындалуы тиіс;

2) магистранттар үшін соңғы күнтізбелік жыл ішінде Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда және шетелдік ғылыми журналдарда жарияланған болуы керек;

3) докторанттар үшін JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар және (немесе) Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) дерекқорында индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда (Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science бөлімдері Citation Index expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) немесе соңғы күнтізбелік жыл ішінде Scopus (Скопус) дерекқорында citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болуы тиіс.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 6-13</p>

10. Ұсынылған жұмыс конкурстың тақырыбына (номинацияларына) сәйкес келуі және аяқталған ғылыми зерттеуді білдіруі тиіс.

11. Конкурсқа қатысушылардың саны бойынша шектеулер көзделмеген.

12. Конкурсқа ұсынылған зерттеу не оның бір бөлігі үшін кез келген отандық немесе шетелдік сыйлықтарға ие болған ізденушілер, сондай-ақ соңғы күнтізбелік жыл үшін мемлекеттік ғылыми стипендия иегерлері атанғандар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

#### **4. Жарияланымдарды ұсыну және өтінімдер беру тәртібі**

13. Конкурсқа қатысу үшін үміткер (немесе ұсынушы ұйым) ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттар жиынтығын жібереді:

- Қатысуға өтінім (1-қосымша);
- Қысқаша өмірбаяндық анықтамасы бар қатысушы сауалнамасы;
- Жарияланым көшірмесі;
- Жұмыстың өзектілігін көрсететін қысқаша аңдатпа (2 беттің көлемінде өзектілігін, мақсатын, міндеттерін, жаңалығын, нәтижелерін, теориялық және практикалық маңыздылығын көрсете отырып);
- Ғылыми жетекшінің ұсынысы;
- Жұмыстың электрондық нұсқасы (электрондық тасымалдағышта немесе онлайн-платформа арқылы).

15. Өтінімдер ұйымдастырушы белгілеген мерзімде (әдетте конкурстық іріктеу басталғанға дейін бір ай бұрын) беріледі.


16. Өтінімдерді қабылдау ұйымдастырушының ресми электрондық поштасы арқылы жүзеге асырылады.

17. Толық емес немесе талапқа сай емес ресімделген өтінімдер қарауға қабылданбайды.

#### **5. Алдын ала іріктеу және сараптама**

18. Конкурстың ұйымдастыру комитеті төрт ЖЖОКБҰ мамандарынан тұратын сараптамалық комиссия құрады.

19. Сараптама комиссиясы 5 адамнан тұратын бейіні бойынша ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар төрт ЖЖОКБҰ-ның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін профессор-оқытушылар құрамынан (ары қарай - ПОК) Академия ректорының бұйрығымен қалыптастырылады. Дауыстар тең болған жағдайда сараптамалық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Сараптама комиссиясының мүшелері:

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 7-13</p>

- конкурстық материалдарға қол жеткізуге;
- әзірленген критерийлерге сәйкес келмейтін ұсынылған конкурстық материалдарды қабылдамауға;
- жаңа технологияларды қолдана отырып, үздік ғылыми зерттеулерді (мақалаларды) жүлделі орындарға ұсынуға **құқылы**.

18. Сараптама комиссиясының мүшелері:

- жұмыстарды сараптау кезінде академиялық адалдықты сақтауға;
- конкурсқа түскен барлық жұмыстардың белгіленген критерийлеріне сәйкес сараптама жүргізуге;
- әзірленген критерийлер бойынша конкурс жеңімпаздарын анықтауға **міндетті**.

19. Сараптама комиссиясы жас ғалымдардың ғылыми жұмыстарын келесі **критерийлер** бойынша бағалайды (ең жоғары 30 балл):

- тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығы (заманауи ғылыми және көркемдік үдерістерге сәйкестігі, өзекті мәдени, әлеуметтік және технологиялық үрдістердің көрінісі, кәсіби қоғамдастық үшін нәтижелердің маңыздылығы – 5 балл;


- өнер, мәдениеттану, медиа, санық медиа өнер контексіндегі зерттеудің ғылыми жаңалығы (ғылыми мәселені қоюдың өзіндік ерекшелігі, тұжырымдар мен интерпретациялардың дербестігі, көркем құбылыстарды талдаудың жаңа тәсілдерінің болуы – 5 балл;

- әдістемелік негізділік (зерттеу мақсатын, міндеттерін, нысаны мен пәнін нақты тұжырымдау, талдаудың ғылыми әдістерін қолданудың дұрыстығы, зерттеу құрылымының қисындылығы, тұжырымдардың дәлелденуі және олардың қойылған міндеттерге сәйкестігі) – 5 балл;

- жарияланым сапасы және басылым деңгейі (рецензияланатын ғылыми журналда жариялау, ғылыми танылған деректер базасында басылымды индекстеу, мақаланың ғылыми ресімдеу талаптарына сәйкестігі, DOI және дұрыс библиографиялық негіздеменің болуы) – 5 балл;

- зерттеуде немесе көркемдік тәжірибеде жасанды интеллект (ары қарай – ЖИ) технологияларын қолдану (зерттеу шеңберінде ЖИ қолданудың орындылығы, визуалды деректерді талдау, мәтіндердің үлкен массивтерін өңдеу, сандық атрибуция, генеративті модельдер, ЖИ өнертану анализге интеграциялаудың жаңалығы, академиялық адалдық және ашықтық) – 5 балл;

- технологиялық (зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне немесе өндіріске енгізу мүмкіндігі) - 5 балл;

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 8-13

Қатысушы ЖИ құралдарын пайдалану фактісін және оларды қолдану сипатын көрсетуге міндетті (деректерді талдау, визуализация, кескін жасау және т.б.). Авторлық үлесі жоқ ЖИ ғылыми мақаласының мәтінін толық құруға тыйым салынады және академиялық адалдық қағидаттарын бұзу ретінде қарастырылады.

Бағалау 6 критерий бойынша жүзеге асырылады. Максималды балл – 30

№	Критерий	Сипаттама	Балл
1	Өзектілігі мен маңыздылығы	Заманауи ғылыми және көркемдік үдерістерге сәйкестік	0–5
2	Ғылыми жаңалығы	Өзіндік ерекшелігі, тұжырымдардың дербестігі	0–5
3	Әдіснама	Әдістердің дұрыстығы, логика, дәлелдеу	0–5
4	Жарияланым сапасы	Журнал деңгейі, талаптарға сәйкестігі	0–5
5	ЖИ қолдану	Орынды қолданылуы, ашықтық, жаңалық	0–5
6	Практикалық қолдану мүмкіндігі	Іске асыру мүмкіндігі	0–5

20. Жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша марапаттауға жіберілген қатысушылардың тізімі жасалады.

## 6. Қорытындылау және марапаттау

21. Конкурстың қорытындылары белгіленген мерзімде сараптама комиссиясының марапаттарды беру туралы шешімімен шығарылады. Сараптама комиссиясының шешімі Академия ректорының бұйрығы түрінде ресімделеді. Сараптама қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған конкурсқа қатысушылар I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

22. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады.

23. Ақшалай сыйақы жеңімпаздарға конкурс лауреаттарын салтанатты түрде марапаттағаннан және дипломдар тапсырғаннан кейін Академияның қаржылық ережелерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде олардың банктік шоттарына аударылады.


24. Жеңімпаздар дипломдармен, ақшалай сыйақылармен марапатталады:

1 орын – 500000 теңге

2 орын – 300000 теңге

3 орын – 200000 теңге

Бұл ретте екі екінші орын және үш үшінші орын болуы көзделген.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 9-13</p>

## 7. Өзгерістер енгізу тәртібі

25. Ғылыми кеңестің отырысында осы ережені өзгерту жөніндегі ұсыныстар көпшілік дауыспен қабылданады немесе жойылады (отырысқа қатысып отырған Ғылыми Кеңес мүшелері санының кемінде 2/3 дауысы).


26. Ережеге өзгерістер енгізу ғылыми жұмыстар жөніндегі проректормен келісілген Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі басшысының қызметтік жазбасы негізінде Академия Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша ғана жүргізіледі.

## 8. Қорытынды ережелер

27. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсты өткізу мерзімдері мен форматын нақтылауға құқылы.

28. Конкурсқа ұсынылған барлық материалдар қайтарылмайды және ұйымдастыру комитетінің мұрағатында сақталады.

29. Өтінім беру «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қатысушының дербес деректерді өңдеуге келісімін білдіреді.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 10-13</p>

**1-қосымша**

**Мәдениет және өнер саласындағы үздік ғылыми зерттеулер  
конкурсына қатысу үшін  
ӨТІНІМ**

(ізденуші автордың тегі, аты-жөні көрсетіледі)

1. Ізденуші туралы мәліметтер:

Жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес ізденушінің Тегі, Аты, Әкесінің аты

Ізденушінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері

Өтініш берушінің туған күні

ЖЖОКБҰ атауы

Жұмыс ұсынылатын ізденушінің БББ шифры және атауы

Ізденушінің байланыс телефоны, пошталық мекенжайы және электрондық поштасы (бар болған жағдайда)

2. \_\_\_\_\_ (ізденушінің Тегі, Аты, Әкесінің аты көрсетіледі) осы өтініммен конкурсқа қатысуға ниет білдіреді

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /


(Ізденушінің Т.А.Ә. және оның қолы)

Толтыру күні \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушы толтырады

Өтінім түскен күні

Өкілдің Т.А.Ә. және қолы

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p>Ереже нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 11-13</p>

2-қосымша


Сарапшының бағалау парағы

№	Критерий	Макс. балл	Баға	Сарапшының пікірі
1	Өзектілігі мен маңыздылығы	5		
2	Ғылыми жаңалығы	5		
3	Әдіснама	5		
4	Жарияланым сапасы	5		
5	ЖИ қолдану	5		
6	Практикалық қолдану мүмкіндігі	5		
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>30</b>		













Сарапшының Т.А.Ә.: \_\_\_\_\_


Қолы: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_






	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p>Ереже нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 12-13</p>

### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

<b>Әзірленді:</b>		
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы		Кульшанова А.А.
<b>Келісілді:</b>		
Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор		Халыков К.З.
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы		Әбдірахман Г.Б.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.
«Театр өнері» факультетінің деканы м.а		Сарыбай М.Е.
«Кино және телевизия» факультетінің деканы		Бакеева М.К.
«Хореография» факультетінің деканы		Аухадиев И.Р.
«Музыкалық өнер» факультетінің деканы		Алпысбаева В.Н.
«Өнертану» факультетінің деканы		Маткерим Д.А.
«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің деканы		Байділда Б.Н.
«Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасының меңгерушісі		Молдашева А.К.

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.116-2026 27.02.2026 ж.</p>
	<p>Ереже нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 13-13</p>

### ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Бөлімше	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
1.	Көркемсурет кафедрасы	Әбулғалиев Б.Д.	19.03.26.	
2.	Көркемсурет кафедрасы	Ғаратай Б.Д.	19.03.26.	
3.	Актер шеберлік кафедрасы	Қажданбаева Б.	19.03.26.	
4.	Музыкалық театр кафедрасы	Қарамұраева Д.Д.	19.03.26	
5.	Экспериментальное искусство кафедрасы	Дегеналиева А.Ж.	26.03.26	
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				